

**«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ
ЖОО-ға дейінгі білім беру факультеті
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы**

**БЕКІТЕМІН
Факультет деканы**

_____ (қолы)

Сартаев С.А.

" _____ " _____ 2024 ж.

**ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
КҮа1 1101 Қазақ тілі (Грамматика, жазылым)**

Семестр – 1,2
Кредит саны – 9
Сағат саны – 6

Алматы 2024

Қорытынды емтихан бағдарламасын құрастырған – доцент, ф.ғ.к. Н. Мәтбек

Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды.

« 28 » 08 2024ж. №1 Хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ Н.Б.Тәуекелов

КІРІСПЕ

«Оқу сауаттылығы» оқу курсы барысында шетелден келген қандас тыңдаушылардың пән деген қызығушылығы оятып мен функциональдық сауаттылығын қалыптастырып және дамытады. Қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін жүйелі түрде буынға ұластырып, одан орфография мен орфоэпия заңдылықтарының қағидаларын меңгереді, оқу және қажет болған жағдайда ресми-іскери қарым-қатынаста сөйлесе білуге, оған тән ерекшеліктерді жүйелі түрде қабылдай алу, түсіну алу дағдыларын меңгертеді. Өртүрлі тілдік жағдаятта қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауға және хабарлауға, қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беруге, таным мен қарым-қатынас жағдайында әңгімелескен адамға әсер ету құралы ретінде ақпаратты пайдалануға қабілетті болады. Қазақ тілі грамматикасын меңгертуге дағдыландырады, лексикалық сөздік қорын дамыта отырып функциональдық сауаттылық дағдысын қалыптастырады. Оқу үдерісінде мәтінмен жұмыс жасай білуге дағдыланады, мәтінге сұрақ қоя білуді үйренеді, мәтіннен негізгі идеяны тауып, мәтінге сүйеніп диалог құрастыра білуге дағдыланады, мәтіннен түсінгеніне сүйеніп, ой қорыта білуге, мәтіннің мазмұны мен құрылымына қатысты берілген тест тапсырмаларын орындайды, алған білімін практикада қолдануға, жазбаша шығармаларды, эссе жазуға дағдыланады. Грамматикалық талдау дағдысын дамыта отырып, сауатты әрі көркем жаза алады. Сонымен қатар әр білім алушының индивидуалдық қабілеттеріне назар аударылып, тыңдаушының өзіндік жеке білім дамыту жобасы бойынша ізденуі қарастырылады.

«Оқу сауаттылығы» (Тілдік бағдар: Фонетика, Лексика, Грамматика, Оқылым, Айтылым, Жазылым, Тыңдалым. Мәтін, мәтінмен жұмыс.) курсының оқытудың мақсаты:

Қандас тыңдаушыларды Қазақстан Республикасының Жоғарғы оқу орындарына оқуға түсу үшін оқу сауаттылығы пәні бойынша кешенді тест сынағын тапсыруға дайындау.

«Оқу сауаттылығы» (Тілдік бағдар: Фонетика, Лексика, Грамматика, Оқылым, Айтылым, Жазылым, Тыңдалым. Мәтін, мәтінмен жұмыс.) курсының оқытудың міндеттері:

- Білім алушы бойындағы шығармашылық қабілеттерді ашып және оны дамыта алады;

Мәтін бойынша жеңіл және күрделі сұрақтар құрастыра алады, мәтіннен алған жаңа ақпаратты сұрыптай алуға дағдыландыру;

- Түрлі тапсырмаларды орындауда қолдана алады, мәтін идеясын өмірмен байланыстыра алады, рефлексия жасап ой қорыта алу дағдысын қалыптастыру.

- Теориялық ережелерді мәтін мазмұнынан екшей отырып, жинақтау, түсіндіру, нәтижені сұрыптау үдерістерін жүзеге асыра алу дағдысын меңгерту;

- Оқу барысында нақты шешімдер қабылдай білу, презентациялар жасап, ой түйіндеуге қабілетті бола алу қасиетін дамыту;

- Мәтіннің әрбір бөліктерін, қорытындысын сипаттап бере алады, бөліктерге бөліп тұжырымдай алуға үйрету;

Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алу секілді тілдік қарым-қатынас әрекетін дамыту;

- Түрлі дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамды дәлелдер арқылы сендіре алуға дағдыландыру;

- Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады және прагматикалық талдау жасай алуды игерту;

- Мәтінмен дұрыс жұмыс жасау дағдыларын меңгерту және теориялық білім дағдыларын тәжірибеде дұрыс қолдана алу машықтарын қалыптастыру.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАНДЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Ауызша емтихан: дәстүрлі-сұрақтарға жауаптар

Емтихан форматы-синхронды.

Ауызша емтихан өткізіледі: офлайн (бетке-бет жүздесу)

Емтиханның өткізілуін бақылау: оқытушы және емтихандық комиссия.

Ұзақтығы:

Дайындық уақыты – 20 минут.

Жауап беру уақыты - 15 минут.

Тыңдаушылар

1. Емтихан басталар алдында келесілерді орындауы керек:

- өзімен бірге алып кіретін жеке басын куәландыратын құжатты дайындап қоюы қажет;

- байланыс телефонын өшіруі және емтиханға кіргенде комиссияға өткізуі керек;

- емтихан тапсыруға кіргеннен кейін емтихан сұрақтарына толықтай жауап беріп болмайынша аудиториядан шығып кетуге рұқсат етілмейтіндіктен барлық қажеттіктерін (су алып кіру, дәрі ішу, т.с.с.) орындауы керек;

2. Емтихан басталған кезде комиссия шақырған тыңдаушы өзінің жеке куәлігін көрсетеді.

3. Тыңдаушылар емтихан билетін таңдау арқылы алады. Емтихан сұрақтары (билеттер) қағаз нұсқасында даярланады. Тыңдаушыларға емтихан сұрақтарына дайындалу үшін қажет болса таза ақ парақтар беріледі, яғни өзімен берге парақтар, қағаздар алып кіруге болмайды. Емтихан сұрақтарына дайындалуға 20 минут беріледі.

4. Емтихан сұрақтарына дайындалуда шпаргалка, қандай-да болмасын байланыс құралдарын, т.с.с. көмекші құралдарды пайдалануға, басқа тұлғамен байланыс жасауға (сөйлесуге, сұрауға) тиым салынады. Емтихан қабылдаушыға бір ғана жағдайда жүгінуге болады: емтихан сұрағы түсініксіз болса, соны нақтылау үшін, грамматикалық қателіктер орын алса.

5. Емтихан өткізілуі барысында аудиториядан шығып кетуге болмайды.

6. Емтихан сұрақтарына жауап беру үшін әрбір тыңдаушыға 15 минут уақыт беріледі. Жауап емтихан билетінде көрсетілген сұраққа қатысты болуы керек.

7. Жауап беріп болған соң тыңдаушы емтихан залынан шығады. Емтихан нәтижесі шығарылып, оны тыңдаушыларға естірту үшін емтихан залына шақырғанға дейін олардың емтихан залына кіріп-шығуына рұқсат етілмейді.

8. Жауапты бағалау критерийлері:

- жауаптың анықтығы, нақтылығы;

- жауаптың түсінікті қарапайым тілмен баяндалуы;

- жауаптың толықтығы;

- жауап беруде қажет болған жағдайда тиісті құқықтық актінің нормасына сүйенуі, жауабын құқықтық норманы пайдалану арқылы негіздеуі
- сұрақ бойынша жеке өзіндік пікірінің, көзқарасының болуы

Білім алушы ағымдағы (АБ1 және АБ) және қорытынды бақылаудан (ҚБ) оң баға алған жағдайда ғана пән бойынша қорытынды баға: Қорытынды баға= $(PK1+PK2)/3 \times 0,6 + (I \times 0,4)$ Формуласы бойынша есептеледі.

Тындаушылардың оқу жетістіктері сандық эквиваленті бар халықаралық деңгейде қабылданған әріптік жүйеге сәйкес 100 баллдық шкала бойынша (оң бағалар «А»-дан төмен қарай «D»-ға дейін (100-50 және «қанағаттанарлықсыз» – «FX» (25-49), «F» (0-24) және дәстүрлі бағалау жүйесі бойынша белгіленеді. «FX» бағасы тек қорытынды емтихан үшін қойылады.

«FX» (25-49) белгісіне сәйкес «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәні/модулі бағдарламасын қайта өтпей, осы баға алынған аралық аттестациядан кейінгі «Incomplete» кезеңінде ақылы түрде қорытынды бақылауды қайта тапсыра алады.

«FX» қайта тапсыру кезінде «F» немесе «FX» бағасын алған жағдайда білім алушы ақылы негізде оқу пәніне/модуліне қайта жазылып, оқу сабақтарының барлық түріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жоспарының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

«FX» бағасымен емтиханды қайта тапсыру ақылы негізде бір рет қана рұқсат етіледі.

Егер білім алушы «Incomplete» кезеңінде «FX» бағасын алса немесе емтихан тапсыруға келмесе, онда ақылы негізде пән бойынша оқу сабақтарының барлық түріне қайтадан қатысады, бағдарламаға сәйкес пән бойынша оқу жұмыстарының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды тапсырады.

Бағалау шкаласы:

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдары (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
FX	0,5	25-49	

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУҒА ШЫҒАРЫЛАТЫН ОҚУ ТАҚЫРЫПТАРЫ:

Тақырып 1. Қазақ тілі пәні туралы түсінік. Қазақ тілінің зерттеу нысаны. Тілдік бағдар: Фонетика. Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі: Дауысты дыбыстардың құрамы, төл сөздердегі дауыстылар мен дифтонг дауыстылар. Дауыс, дыбыс, үн сөздерінің мәні. Дауыссыздардың құрамы. Үн мен салдырға қатысты дауыссыздардың түрленуі.

Тақырып 2. Мәтіннің құрылымы. Тілдік бағдар: Ықпал және оның түрлері. Ықпалға қатысты ережеден тыс құбылыстар. Буын және буын түрлеріне тән дәстүрлі қағидалар. Буын түрлерінің сөз құрамындағы орны.

Тақырып 3. Мәтіннің түрлері. Әңгімелеу, сипаттау, пайымдау. Тілдік бағдар: Тасымал, сөздерді тасымалдау ережесі. Тасымал ережесіне қайшы қолданыстар.

Тақырып 4. Мәтіннің тақырыбы. Мәтіндегі тірек сөздер. Тілдік бағдар: Лексика. Қазақ тілінің сөздік құрамы. Сөздердің мағыналық түрленуі. Сөздердің тура және ауыспалы мағынасы. Антонимдік, синонимдік, омонимдік мағыналар. Көп мағыналық пен ауыспалы мағыналарға ортақ белгілер.

Тақырып 5. Мәтіннің негізгі ойы туралы жалпы сипат. Негізгі ойды түсіндіру тәсілдері. Тілдік бағдар: Лексика: Сөздердің құрылымдық түрленуі. Түбір сөз бен туынды түбір.

Тақырып 6. Мәтіндегі ой бөліктері. Тілдік бағдар: Қос сөздер мен біріккен сөздер. Олардың жасалу жолдары. Тіркес сөздердің құрамдық сыңарлары. Қысқарған сөздердің жаңа үлгілері. Сөздерді ықшамдаудағы шарттылық.

Сөздердің құрылымдық түрленуі мен сөзжасам құбылыстарының варианттылығы.

Тақырып 7. Оқылым. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану. Тілдік бағдар: Сөздердің қолданылу аясына қарай түрленуі. Көнерген сөздер. Жаңа сөздер мен жаңа сөз қолданыстар. Сөздердің көнеру кезеңі мен қайта жаңғыру құбылыстары.

Тақырып 8. Айтылым, жазылым стратегиялары. Тілдік бағдар: Диалект сөздер мен кәсіби сөздердің қолданылу аясының шектеулігі. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау. Оқу сауаттылығына арналған мәтіндер. Әр мәтіннің соңынан берілген тест тапсырмаларын орындау.

Тақырып 9. Тыңдалым стратегиялары. Тілдік бағдар: Термин сөздердің жаңа сөз қолданыстардан айырмашылығы. Терминдердің мағыналық тарылуы. Жалпы қолданыстағы сөздерге тән басты шарттар.

Тақырып 10. Стиль туралы мағлұмат. Ауызекі сөйлеу стилі. Мақал мен тұрақты сөз тіркестеріне тән басты белгілер. Мақал мен қанатты сөздердің айырмашылығы. Тұрақты сөз тіркесін қолданудағы тұрақсыздық.

Тақырып 11. Ресми іс-қағаздар стилі. Мәтіннің жанрлық ерекшелігі. Мақал мен тұрақты сөз тіркестеріне тән басты белгілер. Мақал мен қанатты сөздердің айырмашылығы. Тұрақты сөз тіркесін қолданудағы тұрақсыздық.

Тақырып 12. Публицистикалық стиль: Үндестік заңына бағынбайтын жұрнақтар. Кейбір жұрнақтардың мағыналық тұлғалануы. Ғылыми стиль:

Зат есім. Зат есімнің мағыналық, құрылымдық және құбылыстық түрленуі. Зат есімнің жалғаулары. Тәуелдік жалғау мен септік жалғаудың ортақ белгілері. Тәуелді септеудегі ережеден тыс ерекшеліктер. Зат есімнің жіктелуі. Зат есімнің жіктелуіндегі шектеулік. Көптік жалғауы. Көптік мән тұлғасындағы зат есімдер. Ресми іс-қағаздар стилі. Мәтіннің жанрлық ерекшелігі

Тақырып 13. Морфология. Сөз таптары. Қосымша түрлері. Сөздерді таптастырудағы ұстанымдар. Сөз таптарының құрамына кірмейтін сөздер.

Тақырып 14. Тілдердің морфологиялық-типологиялық топтастырылуы: Тілдердің құрылымдық ұқсастықтары мен айырмашылықтарына қарай жіктелуі.

Тақырып 15. Морфологияның түрлері туралы түсінік.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі:

- 1.Исаев С.М., Қазақ тілі, Алматы – 2007;
- 2.Сауранбаев Н., Қазақ тілі, Алматы – 2000;
- 3.Салқынбай А., Қазіргі қазақ тілі, Алматы -2003;
4. Сағындықұлы Б., Қазіргі қазақ тілі. Лексикология, Алматы-2003;
- 5.Жүнісбек Ә., Қазақ фонетикасы, Алматы- 2009;
7. Қадырқұлов Қ.Ш., Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы «Қазақ университеті» , 2018;
8. Наралиева Р.Т., Тойғанбекова М.Ш. Сұлтанова Б.М., Оқу сауаттылығы. Алматы «Қазақ университеті» , 2019;

Қосымша әдебиеттер:

- 1.Жұбанов Қ., Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, Алматы – 2010;
- 2.Томанов М., Тіл тарихы туралы зерттеулер, Алматы – 2002;
- 3.Х.М. Кәрім, Диалектология мен қазақ әдеби тіл тарихы мәселелері, Алматы – 2001;
- 4.Кеңесбаев І., Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі, Алматы-1971;
- 5.Синонимдер сөздігі, Алматы – 2007.

Ғаламтор ресурстары:

1. kz.testing.kz;
2. https://ziatker.kz/docx/oqy_sayattylygy_boiynsa_test_suraqtary_27263.html ;
3. https://testcenter.kz/upload/iblock/d2d/o_u-sauattyly_y.pdf;
4. bilimland.kz сайты.